

В.К.Наурызова^{1*} , С.К. Нысанова¹ ¹Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті
060011, Атырау қ., Қазақстан Республикасы
*e-mail: v.nauрызova@asu.edu.kz

ТАҒДЫРЫ ҚИЫН БАЛАЛАРДЫҢ АРАСЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа

Жетім жасөспірімдер, ерекшеліктері бар жасөспірімдер және отбасылық үлгідегі балалар үйінің жасөспірімдері сияқты ауыртпалы тағдыры бар жасөспірімдер көп жағдайда құқық бұзушылық мәселелеріне тап болады. Бұл олардың бейімделуін және қоғамға кіруін қиындатады. Сондай-ақ бұл мақалада қаралған тақырыпқа әсер ететін факторларды зерттеу жеке және әлеуметтік салдарларды анықтайды. Бұндай отбасында отбасылық қолдаудың болмауы, айналадағы ортаның қолайсыздығы және тағдыры қиын жасөспірімдерге бағытталған ресурстар мен бағдарламалардың қамтылуы осы санаттағы жастардың құқық бұзушылықтарына әсер ететін негізгі факторлар болады. Жасөспірімдердің құқық бұзушылықтарын болдырмауды алдын алуға арналған ұтымды шараларға әлеуметтік қолдау, сапалы білім беру шараларына қол жеткізу, тұрғылықты жерді тауып беруге жәрдемдесу және олардың ата-аналары немесе қамқоршыларының жұмысқа орналасуы кіреді. Оңалту және әлеуметтік бейімдеу бойынша мамандандырылған жоспарлар жасөспірімдерге қиындықтарды жеңуге және қоғамдағы тұрақты жағдайға қол жеткізуге көмектеседі. Балалардағы қылмыстық мәселелерін түсіну мен шешудің маңыздылығын айта отырып, бұл зерттеу жұмысы балалардың сәтті бейімделуі мен әл-ауқаты үшін қолайлы жағдайлар жасау үшін қоғам мен мемлекеттің барлық қатысушыларының бірлескен күш-жігерінің қажеттілігіне назар аударады. Мақаланың мақсаты - тағдыры күрделі балалардың (жетімдер, ерекше білім беруді қажет ететін балалар) құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін негізгі жеке және әлеуметтік факторларды анықтау, сондай-ақ оларды қоғамға сәтті интеграциялау үшін әлеуметтік оңалту мен алдын алудың кешенді шаралар жүйесін негіздеу болып табылады.

Негізгі сөздер: күрделі тағдыр, құқық бұзушылық, қолайсыздық, әлеуметтік бейімделу, зорлық-зомбылық, қауіпсіздік.

Кіріспе

Қиын өмірлік жағдайдағы балалар, соның ішінде жетім балалар, дамуында кемістіктері бар балалар, отбасылық үлгідегі балалар үйінде немесе нашар отбасыларда тұратын балалар құқық бұзушылық жасау қаупіне жиі ұшырайды. Олардың жағдайы қолдаудың жоқтығымен, психикалық немесе физикалық жарақаттармен және білім алуға немесе әлеуметтік қызметтерге қолжетімділіктің шектелуімен қиындауы мүмкін. Бұл факторлар балалардың мінез-құлқы проблемаларына ықпал етеді және олардың құқық бұзушылыққа тартылу ықтималдығын арттырады. Бұл мақаланың мақсаты - қиын өмірлік жағдайдағы балалардың құқық бұзушылыққа бару себептері әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан зерттеу. Ресми мемлекеттік деректер мен қолданыстағы заңнамалық актілерде бұл санаттағы балалардың құқықтық мәртебесі, олардың жағдайына ықпал ететін әлеуметтік факторлар және құқық бұзушылықтың алдын алу тетіктері нақты көрсетілген.

Тақырыптың өзектілігі балалардың осал топтарының құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың қоғамға бейімделуі үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтың алдын алу қажеттілігімен байланысты. Сондай-ақ қиын жағдайға тап болған балалардың мінез-құлқына әсер ететін факторларды зерделеу және олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға кешенді тәсілді қолдану құқық бұзушылық деңгейін төмендетуге және олардың сәтті бейімделуіне ықпал етеді. Осы мәселені шешуде мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың, білім беру мекемелерінің және отбасы құрылымдарының өзара әрекеттесу қажеттілігі осындай балаларға қолдау көрсетудің олардың әл-ауқаты мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған кешенді және мақсатты көзқарастың маңыздылығын көрсетеді.

Тағдыры қиын балалар – олар қиын өмірлік жағдайға тап болған балалар. Яғни, мүгедектік, дамудағы кемістік, балалар үйінде тұру, кедейлік, физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылық, көші-қон және басқа да қиындықтар сияқты әртүрлі қолайсыз жағдайларға байланысты тап болған балалар. Бұл балалар әлеуметтік бейімделуде, сапалы білім алуда, медициналық қызметтерге қол жеткізуде, психологиялық қолдау көрсетуде және басқа да негізгі қажеттіліктерде қиындықтарға тап болуы мүмкін. Балалар жиі зорлық-зомбылықтың, кемсітушіліктің және құқықтарын бұзудың басқа да нысандарының құрбаны болу қауіпіне ұшырайды [1].

Қазақстан Республикасының «Бала құқықтары туралы» заңына сәйкес, қиын өмірлік жағдайдағы балаларға жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, тұрмыстық, психологиялық немесе әлеуметтік қолдауды қажет ететін балалар жатады. Мемлекеттік органдардың ресми есептерінде аталған санаттағы балалардың әлеуметтік осалдығы, олардың өмір сүру деңгейі мен құқықтарының іске асырылу жағдайы жүйелі түрде мониторингтен өтеді. Бұл деректер балалар арасындағы құқық бұзушылықтың әлеуметтік негіздерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаның криминогендік сипатта болуы, яғни құқық бұзушылық жиі кездесетін аумақтарда тұру, жағымсыз әлеуметтік топтардың ықпалына түсу немесе нашарлық пен алкоголь мәселелері де жасөспірімдердің мінез-құлқына әсер ететін тәуекел факторлары қатарына жатады.

Қазіргі қоғамдағы ең маңызды мәселелердің бірі – балалардың құқықтары мен қауіпсіздігі. Осы жүйедегі негізгі құжат 1995 жылғы 30 тамызда референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы болып табылады. Сонымен бірге кәмелетке толмағандар құқықтарын қорғауға қатысты халықаралық шарттарқатарына мыналар жатады: «Бала құқықтары туралы Конвенция» мен «Бала құқығы декларациясы».

Кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын алуға және құқық бұзушылық жасаған жағдайда оларды жазалау нормалары: «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінде; «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Кодексінде; «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Кодексінде; «Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексінде қарастырылған. Сонымен қатар, Қазақстан «Құқық бұзушылықтың алдын алу туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі Заңы, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдыналу туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңы, «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңдарын да қаралған.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Қазіргі қоғамда ерекше назар аударатын мәселелердің бірі – отбасылардың өмір жағдайының нашарлап кетуі және көптеген әлеуметтік топтарда отбасының кәмелетке толмаған балаларды бақылау деңгейінің төмендеуі, әлеуметтік жағдай, жетімдік, қолайсыз ортаның әсерінен аталған құбылыстардың нәтижесінде кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылық деңгейінің жоғары болуы. Баланың отбасындағы теріс қылықтардың бәрі де оның психологиясына кері әсерін тигізеді. Ата-ана арасындағы үнемі болатын ұрыс-жандалдар баланы эмоционалды түрде қысып тастайды. Ата-ананың алкогольді ішімдікке не есірткіге тәуелдігі бала үшін күйзеліс тудырады және бала тәрбиесіне кері әсер етеді. Бала көргенін қайталап, өз бойына жаман әдеттер сіңіруі мүмкін. Кейіннен бұл бала өсе келе теріс әлеуметтік топтарға қосылып кету қауіпі бар. Кей кезде балаға материалдық жетіспеушілік, кедейлік, күнделікті күн көріс табысының төмен болуы да әсер етеді. Бұл баланы ұрлық жасауға итермелейді. Өкінішке орай, қазіргі кезде кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу жөніндегі өз

міндеттерін орындамайтын немесе лайықты деңгейде орындамайтын ата-аналар саны көбеймесе азаймаған [2].

Жасөспірімдерді қолдау сапалы әлеуметтік білім беру және медициналық қызметтерге қолжетімділікті қамтамасыз ету, олардың әлеуметтік интеграциясы үшін жағдай жасау, өзін-өзі жақсы сезінуін дамыту және айналасындағы адамдармен сенімді қарым-қатынасты нығайтуды қамтиды. Бұл тәсіл олардың әлеуетін дамытуға, өзін-өзі бағалауды нығайтуға және олардың алдында тұрған қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Алдымен қиын тағдырда өмір сүретін балалардың санаттарын бөліп көрсетейік:

1. Жетім бала. Ата-анасының біреуінің немесе екеуінің жоғалуы баланы тиісті қамқорлықсыз және қорғаусыз қалдырып, оның өмірінде қиындықтарға әкеп соғуы мүмкін.

2. Отбасының қолайсыз жағдайы. Зорлық-зомбылық, отбасылық қатынастардың бұзылуы және басқа да отбасылық мәселелер балаларға теріс әсер етуі мүмкін.

3. Кедейлік. Материалдық ресурстардың жетіспеушілігі балалардың тамақ, білім беру және денсаулық сақтау сияқты негізгі қажеттіліктерге қол жеткізе алмайтындығына әкелуі мүмкін.

4. Даму кеңістігі: Физикалық немесе ақыл-ой кемістігі бар балалар оқуда, әлеуметтенуде және қоршаған ортаға бейімделуде қосымша қиындықтарға тап болуы мүмкін.

5. Белгісіздік. Қоғамның, мұғалімдердің және ересектердің тиісті қорғауы мен қамқорлығынсыз балалар қиын жағдайда қалуы мүмкін.

6. Қоныс аудару. Жанжалдарға, табиғи апаттарға немесе қандай да болмасын себептерге байланысты үйлерін тастап кетуге мәжбүр болған балалар тұрақтылық пен қалыпты жағдайды жоғалту нәтижесінде қиын өмірге бейім келеді. Осы және басқа да жағдайлардың балалардың қиын тағдырына ықпал етуі мүмкін және олардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жоспарлы көзқарасты талап етеді [3].

Балалар сүйіспеншілікті іздеу, сондай-ақ өзін-өзі растаудың балама жолдарын іздеуге не өз мәселелерін шешуде сыртқы әсерлерге жүгінуге, яғни өзге адамдарға сенуге тырысады. Балалардың эмоционалды жай күйлері олардың депрессиялыққа, мазасыздануына, агрессивтілікті болуына және өзге де мінез-құлық пайда болуына ықпал етеді. Мінез-құлыққа әсер ететін жағдайлар:

- жетімдік – ол балалардың өз-өзіне баға беруіне және кез-келген ортада әлеуметтік бейімделуіне кері әсер етуі мүмкін. Яғни, өзін айналасындағы ортада әлсіз сезіну – бұл құқық бұзушылық қаупінің жоғарылауына, ұрлыққа баруға, мінез-құлқын өзгертіп, алаяқтықпен айналысуға, сонымен қатар, дамудың ауытқуларына әкеледі.

- балалар үйінде тәрбиелену – бұл ортада тәрбиелену жасөспірімдерге жеке көңілдің бөлінбеушілігіне, қарым-қатынастың тұрақты болмауына, тұрақты әлеуметтік қатынастардың шектеулеріне және баланың дамуына нұқсан келтіретіні анық. Бұл балалардың қабілетсіздігі мен бейімделуінің бұзылуына әкелуі әбден мүмкін. Балалар үй-интернатындағы балалар агрессивті, кері мінез-құлық көрсету арқылы өзіне қаратуды ойластыру мүмкін.

- дамуында ерекшелігі бар балалар – олар өз қабілеттерін жете бағаламау, білім алу мүмкіндігінен шектелуі, әлеуметтік өзара әрекеттесу және өзін-өзі жүзеге асыруда қиындықтарға тап болуы балаалр. Бұл әрине баланың жеткіліксіздік сезіміне, сүйіспеншіліктің болмауына, сенімсіздікке және әлеуметтік оқшаулануға әкеледі. Дамуында кемістігі бар балалар бас тарту сезімінен, сәтсіздіктерден қорқудан, әлеуметтік бейімделудегі қиындықтардан және басқалардың қолдауы мен түсінбеуінен туындайтын мінез-құлық проблемаларын көрсетуі мүмкін, бұл күйзеліске, депрессияға, агрессияның күшеюіне және басқа да күрес механизмдеріне әкеледі [4].

Қоршаған ортаның балаларға айтарлықтай әсер етуіне тоқталатын болсақ:

1. Балалардың құндылықтарын, мінез-құлық нормаларын және әлеуметтік бейімделуін қалыптастыруда отбасылық орта шешуші рөл атқарады. Қамқоршылар, ата-аналар немесе патронаттық ата-аналар балалардың үйлесімді дамуы және құқық бұзушылыққа тартылмауы үшін қолдау көрсету, қамқорлық, жағымды үлгі көрсету және эмоционалды байланысты қамтамасыз етуі керек.

2. Достар ортасы балалардың құндылықтарын, көзқарастарын және мінез-құлықын қалыптастыруға айтарлықтай әсер етеді. Салауатты, жағымды орта мен достық қарым-қатынасты сақтау өзін-өзі бағалауды арттыруға, күресу дағдыларын жақсартуға және құқық бұзушылық ықтималдығын азайтуға көмектеседі.

3. Мұғалімдермен, жаттықтырушылармен, дін қызметкерлерімен және басқа ересектермен кәсіби және әлеуметтік байланыстар балалар өмірінде маңызды рөл атқарады. Олар балаларға салауатты әдеттерді дамытуға және олардың қорғаныс механизмдерін нығайтуға көмектесетін қолдаулары мен тәрбие беруге негізделген кеңестері проблемаларды шешудің көзі бола алады.

4. Ғаламның соншалықты дамығанының салдарынан балаға жан-жақтан қауіп төнеді. Балаға берілетін ақпаратты бақылауда ұстайтын болса, барлық қауіптің алдын алған болар еді. Сондықтан ата-ана, мемлекет және үкіметтік емес ұйымдардың бала құқықтарын қорғаудағы жауапкершілігі жоғары болады.

Балалар үшін қолайсыз ортаның әсерінен құқық бұзушылыққа апаратын факторлар:

1. Қолдаудың болмауы: үлкендердің назарының, қамқорлығының, түсіністік пен қолдаудың болмауы балалардың өзін жалғыз сезінуіне, сенімсіздігіне және қоршаған әлемге теріс көзқараста болуына әкеледі.

2. Жағымсыз әсерлердің болуы: балалар салауатты мінез-құлықты емес, керісінше зорлық-зомбылықты, агрессияны немесе нашақорлықты насихаттайтын достарының қысымына ұшырауы мүмкін.

3. Жағымсыз қоғамдық пікір және стигма: қоғамдық немқұрайлылық, тағдыры қиын балаларға қатысты теріс көзқарас, стигма, кемсіту немесе оқшауланудың ықтимал көріністері олардың осалдығын, сүйспеншілік, әділетсіздік және жаттық сезімдерін арттыруы мүмкін. Осылайша, құқық бұзушылықтың алдын алуда және қиын өмір сүрген балалардың оң дамуына ықпал етуде әлеуметтік ортаның, сондай-ақ отбасының, достарының, мұғалімдердің және басқа да ересектердің рөлі үлкен маңызға ие [5].

Қазіргі кезде кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылыққа баруының негізгі белгілерінің бірі - оқуға деген ниет пен зейіннің болмауы. Қылмыс жасап, жазасын бас бостандығын айыру мекемелерде өтейтіндер арасында өтізілген әлеуметтік сауалнама қорытындыларына сәйкес балалардың 78% мектепке баруға ынталары жоқ деп жауап берген. Білім алу мүмкіндігінің шектелуі де құқық бұзушылықтың маңызды себебі ретінде қарастырылады. Мектептен қалу, үлгерімнің төмен болуы және білім беру ұйымдарымен тұрақты қарым-қатынастың болмауы балаларды бейресми ортаға итермелейді. Бұл жағдай олардың бақылаусыз қалуына, нәтижесінде құқыққа қарсы әрекеттердің туындауына себеп болуы мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, Қазақстанда жыл сайын 53 бала өз-өзіне қол жұмсайды. Қазақстандағы бұл көрсеткіш Орталық Азия елдері арасында ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Олардың ішінде балалар арасында өз-өзіне қол жұмсау оқиғалары жиілеп кеткен. Өз-өзіне қол жұмсау, әсіресе өмірге енді ғана қадам басқан жасөспірімдер арасында күн санап артып келеді. Кәмелетке толмағандар арасындағы суицидтің себептерін зерттеген тәртіп сақшылары бірқатар себептерді анықтады. Белгілі болғандай, жасөспірімдердің 32 пайызы отбасылық жағдайға байланысты өз-өзіне қол жұмсайды. Жасөспірімдердің 6 пайызы жалғыздықтан өледі. 5 пайызы оқу проблемаларын жеңе алмайды [6].

2024 жылды қорытындылау мақсатында желтоқсан айында өткен ауқымда форумда Атырау облысы бойынша Полиция департаментінің басшысы Оразбаев Нұрхат Кенжебайұлының ақпаратына сәйкес: ата-ана қарауынсыз түнгі уақытта жүрген 8 мыңға жуық баланың ата-анасы әкімшілік жауаптылыққа тартылды. Сонымен қатар, бала тәрбиесімен айналыспағаны үшін 1000-ға жуық ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Өткен жыл бойынша жасөспірімдермен жасалған қылмыс саны-63; полицияға жеткізілген кәмелетке толмағандар саны-9 мыңға жуық; уақытша бейімдеу орталығына орналастырған қараусыз қалған бала саны-128.

Аталған деректердің барлығы балалардың қараусыз қалып қойып жатқандығын көрсетеді. Тіпті 1000-ға жуық ата-ананың бала тәрбиесімен тиісінше айналыспауының өзі айтарлықтай өзекті мәселе деп ойлаймын. Жалпы алғанда облысымыз бойынша жасөспірімдердің арасындағы құқық бұзушылықтар саны тоқтамай тұр. Тағы айта кететін мәселе - кәмелетке толмаған балалардың түнгі уақытта көше кезіп жүруі. Бұны ата-ана жеті қадағалауына алуы керек. Мектеп жасындағы оқушылар түнгі уақытта ата-ана қарауынсыз көшеде жүруіне тыйым салынғанына қарамастан, 8000-ға жуық жасөспірім қараусыз жүр. Демек, ата-ана тарапынан қадағалау жетіспейді.

Осы статистика санын азайту және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі рейд сияқты өзге де профилактикалық шаралар жүзеге асырылуда. Бұл облысымыз бойынша құқық қорғау органдарының жұмысының атқарылып жатырғандығының белгісі. Ендігі кезекте ата-ананың да бала тәрбиесіне, түнгі уақытта өзі жүрмеуіне байланысты баласымен тәрбиелік мақсатта түсінідіру қажет. Өйткені, көптеген құқық бұзушылықтар түнгі уақытта болатындығын ескеру керек.

Құқық бұзушылық – құқыққа қайшы, қоғамға қауіпті әрекет не әрекетсіздік деп білеміз. Ал кәмелет жасқа толмаған балалар неліктен құқық бұзушылық жасайды?! Көбіне ата-ана қарауынсыз қалған балалар, психологиялық не болмаса физикалық тұрғыда жәбір көрген балалар кек алу, топтық төбелесу мақсатында, кикілжің кесірінен не болмаса буллинг әсерінен құқық бұзушылық жасауға барады. Жоғарыда атап өткендей, көптеген құқық бұзушылықтар түнгі уақытта, яғни, сағат 23:00-06:00 аралығында болады. Бұл уақытта балалар үйлерінен ата-анасына ескертпей шығып кетеді. Кешкі уақытта достарымен бірлесіп ұрлыққа түсуі мүмкін. Ата-ана тарапынан қадағалау болмағандықтан өзі тектес ата-анасы қадағаламайтын балалар болып топтасып жүреді. Кейіннен өзара ақылдасып құқық бұзушылық жасайды.

Кәмелетке толмағандардың жасайтын қылмысының бірі бұзақылық, денсаулыққа зиян келтіру, зорлау, кісі өлтіру болып табылады. Ал қазіргі уақытта кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстар қатары көбейуде. Олардың қатарына кепілдікке алу, қару-жарақ, есірткі саудасы, валюталық алаяқтық, компьютерлік қылмыстар және т.б. қосылуда.

Қазіргі заманда интернет торы әлемге кеңінен етек жайған уақыт. Интернет - адамдар үшін тез ақпарат алуға, алыс жерлермен хабар алмасу үшін таптырмас құрал болып табылады. Бірақ та, таяқтың екі ұшы бар дегендей, интернет желісінің де тәуелділік тудыратындығын ұмытпағанымыз жөн. Ашық интернет кеңістігінде теріс бағыттағы ақпараттар, теріс ағымды жариялау сияқты ақпараттарға тап болуымыз мүмкін. Бұл да баланың мінез-құлқына теріс әсер етеді. Ата-анадан жылу көрмеген бала интернеттен өзін қызықтыратын нәрсе іздейді де, өз ойын атыс, жару, қарулы ойындармен аулайды. Нәтижесінде, бала агрессивті болып, қоғамға сіңісе алмай, киіннен құқық бұзушылық жасауға барады. Осы интернеттің әсерінен де кәмелетке толмағандар жасайтын қылмыстар айтарлықтай өзгеше екендігін байқауға болады. Адам өлтіру қылмысын, адамның денсаулығына ауыр зиян келтіру кезінде суық қаруды немесе оқпен атылатын қаруды пайдалану, кәмелетке толмағандардың ұстаздарға шабуылдар санының өсуі, құрдастарын ұрып-соғып, оны бейнетаспаға түсіріп алуы және кейін интернет ғаламторына орналастыру, кәмелетке толмағандардың қатысуымен болған жаппай төбелестер санының күрт өсуі, компьютерлік технологияларды пайдалана отырып жасалатын қылмыстар санының күрт өсуі таң қалдырады [7].

Жалпы аталған тақырып туралы шет елдік ғалымдар Илона Ниссен мен Анти Латваланың «түрмеде отырған ата-аналар және олардың балаларының қылмысы» тақырыбында ғылыми мақала жарық көрген болатын. Бұл мақалада қазіргі таңдағы өзекті мәселе көтерілген. Авторлар Финляндия еліндегі статистикамен өте түсінікті етіп аша отырып, мысалдармен толықтырып жазған. 1987-2003 жылдар арасындағы туылған балалардың статистикасын құрастырды. Онда әкесі не болмаса анасы түрмеде болған балалардың өмірін, ешқандай қылмыстық құқық бұзушылық жасамаған отбасында дүниеге келген балалардың өмірімен салыстырмалы түрде қарастырды. Атап айтқанда балаға оның өсіп-өнген ортасы үлкен ықпал ететіндігі анықталды. Яғни, баланың өзі емес, ата-анасы түрмеде отырған болса да бұл баланың психологиясына оның

ойлауына әсер ететіндігі белгілі болды. Ата-аналарының қылмыстық тарихы, оның бастан өткергені ұрпақ қылмысының күшті болжаушысы болып табылады [8].

Атырау қалалық полиция басқармасы ювеналды полиция тобының басшысы, полиция майоры Эльвира Иманғазиеваның айтуынша, жасөспірімдердің тарапынан жасалған қылмыстар 14 пайызға төмендеген. Алайда кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыс 20 пайызға, ал жыныстық тиіспеушілік қылмысы 45 пайызға өскен». Балалардың құқықтары мен әл-ауқатын қорғау олардың салауатты және қауіпсіз дамуын қамтамасыз ету үшін маңызды. Балалардың мінез-құлқына әртүрлі факторлардың әсері айтарлықтай болуы мүмкін және әлеуметтік психологиялық аспектілерге назар аудару керек, өйткені олар қиын өмір сүретін балалар арасындағы құқық бұзушылықтың ықтималдығына әсер етуі мүмкін [9].

Мемлекет кәмелет жасқа толмағандардың қылмыс жасауының алдын алуға, балалардың бақылаусыз қалмауына, жасы үлкендерден зорлық көрмуіне және де құқық бұзушылардың балалардың мінез-құлқына теріс ықпал етпеуіне ерекше назар аударып отыр.

Нәтижелер және оларды талқылау

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 2-тарауы «Отбасына және кәмелетке толмағандарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар» деп аталады. Осы тараудың 132-135 баптары мен 140-142 баптары зерттеу тақырыбындағы балаларға тікелей қатысты. Өйткені кәмелетке толмағандарды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тарту оңай болады. Мысалы, ата-анасынан айырылған немесе тиісті қамқоршысыз қалған балалар көбінесе жоғалту, жалғыздық, иеліктен кету және белгісіздік сезімін бастан кешіріп жүргенде, теріс жолға түсуге бейім жүреді.

Ересек адамның кәмелетке толмаған адамды қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауға тартуы, кәмелетке толмаған адамды есеңгірететін заттарды пайдалануға не уытқұмарлыққа не спирттік ішімдіктерді бірнеше рет пайдалануға не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуға тарту, жасөспірімді жезөкшелікпен айналысуға, сексуалдық сипаттағы өзге де қызметтерді көрсетуге тарту, балаларда сатып алу-сату немесе оған қатысты өзге де мәмілелер жасасу, сол сияқты оны қанау не азғырып көндіру, тасымалдау, беру, жасыру, алу, сондай-ақ қанау мақсатында өзге де іс-әрекеттер жасау қылмыс деп табылып, ҚРҚК-де жаза көрсетілген [10].

Кәмелетке толмағандарды қылмысқа тарту дегеніміз – оларға физикалық немесе психикалық ықпал ете отырып, қылмыс жасауға итермеллеу. Оларды алдау, қорқыту, уәде ету, қауіптендіру, күш көрсету, есірткі қолдану арқылы арам ойларын жасатуы мүмкін. Кәмелетке толмағандады қылмыстылық әрекетке тарту әртүрлі болуы мүмкін: қылмыстылыққа қызығушылығын тудыру, кәмелетке толмағандар арасында әңгімелер, түрлі кештер ұйымдастыру, қылмыстылық әрекетке жататын әртүрлі тапсырмалар беру арқылы да іске асырады. Мұндай жағдайларда заң кәмелетке толмағандарды қоғамға қарсы және адамгершілікке жат кәсіпке тартуда ересектердің белсенді ықпалы болуболмағанын қарастырады.

Сонымен қатар, ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамдардың кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді қатыгездік танытуымен орындауы, жас баланың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерді қызметі бойынша осындай міндеттер жүктелген адамның не осы міндеттерді арнайы тапсырма бойынша орындайтын немесе мұндай міндеттерді өзіне ерікті түрде алған адамның тиісінше орындамауы, қорғаншылығындағы баланың құқықтары мен заңды мүдделеріне қысым жасауға әкеп соққан, қорғаншылықты немесе қамқоршылықты пайдакүнемдік немесе қорғаншылықтағы балаға зиян келтіру немесе қорғаншылықтан немесе қорғаншылықтан немесе қажетті көмектен жанқиярлық немесе басқа да жосықсыз тәсілдермен баланы қасақана қорғаншылықта қараусыз қалдыру қылмыс болып табылады [11].

Қорытынды

Қорытындылай келе, бұл мақалада жоғарыда айтылғандай қиын тағдырда өмір сүретін балалар арасындағы құқық бұзушылыққа бару мәселелері қарастырылғанын атап өткен жөн.

Балалар арасындағы құқық бұзушылық мәселесін шешу үшін келеңсіз салдардың алдын алуға және олардың дамуы мен бейімделуіне қолайлы жағдай жасауға бағытталған мақсатты бағдарламалар мен іс-шараларды әзірлеуге ерекше назар аудару қажет. Білім беру мекемелерінің, әлеуметтік қызметтердің, психологтардың, педагогтардың және басқа да мамандардың ынтымақтастығы осы мәселенің сәтті алдын алу мен шешудің негізгі аспектісі болып табылады.

Балаларға тәрбие берген уақытта, оған қоса құқықтық тәрбиеде берілуі тиіс. Өйткені бала сонда ғана жан-жақты, өзгенің де өзінің құқықтарын қорғай алатын тұлға болып қалыптаса бастайды. Мысалы, сіз балаңызға адамдар дініне, ұлтына, тегіне, нәсіліне қарамастан бәрі тең, бәріміз бір елде тұрып жатырмыз, бәріміздің құқықтарымыз бірдей деп ұғындыруыңыз қажет. Сонда жоғарыда аталып өткен кәмелетке толмағандардың арасындағы буллинг мәселелсі азаяр ма еді?! Егер балаңызға осындай қарапайым нәрседен бастап, оның жадына құқықтық тәрбиені қалыптастыра берсеңіз, ол бала жан-жағындағы достарына, сыныптастарына келіп осы әңгімені айтады. Демек, балаңыз өзге балдарға да құқықтық тәрбие беруге ықпал етеді. Ол көз алдында буллинг, болмаса тағы да басқа құқық бұзушылық не оғаш қылық көрсе, бұл дұрыс емес, бұл құқық бұзушылық деп оларды тоқтатуға тырысады. Міне, егер осындай жастарымыз көп болса, идеалды қоғам құру мүмкіндігі жоғарылай түседі. Өйткені, өзі біліп өзгені үйретіп не қорғай отыра, біз бір-бірімізге қолдау көрсетеміз, яғни, құқық бұзушылықтар санын да азайтамыз.

Құқықтық тәрбиені бала алғаш ата-анадан, кейіннен мектепке мұғалімнен бағыт-бағдар беруден алады. Сонымен қатар, атап өтетін жайт біздің мектеп бағдарламамызда 9 сыныптар үшін «Құқық негіздері» пәні міндетті пән ретінде мектеп қабырғаларында оқытылу қажет. Біздің ойымызша, бұл пәннің балалар үшін маңызы өте қор. Осы пәнді оқу арқылы балалардың құқықтық сауаттылығы артады.

Мектеп қабырғасында оқушылармен құқық қорғау қызметкерлері және тағы да басқа құқық саласындағы мамандар келіп ашық сабақтар, тренинг сабақтар өткізеді. Тіпті сынып жетекшілер өз сыныптарына құқыққа байланысты ашық сабақтар, пікірталас, дебаттар өткізеді. Бұл да баланың құқықтық білімін қалыптастыруға әсер етеді. Шынында бала үшін оның жан-жағында болмашы әрекеттердің өзі ол үшін өз ықпалын тигізуі мүмкін. Сондықтанда, бала еркін түрде ата-анасы не болмаса ұстаздарына құқықтық сұрақтарын қоя алатындығы туралы түсіндіріп атап өткен жөн.

Жоғарыда аталған әлеуметтік және құқықтық факторларды ескере отырып, мемлекеттік органдардың үйлестірілген әрекеті ерекше маңызға ие. Білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау және құқық қорғау саласының бірлескен жұмысы ғана балалар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда қолданыстағы заңнаманы тиімді іске асыру, профилактикалық бағдарламаларды кеңейту, әлеуметтік қызметтердің қолжетімділігін арттыру және отбасы институтын нығайту негізгі міндеттер қатарында.

Жоғарыда көптеген зерттеулерді жасай келе, мынадай тұжырымдар жасалды:

1. Кәмелетке толмағандардың қылмыс жасауына итермелейтін негізгі факторлар қатарына жанұя тәрбиесінің дұрыс еместігі, ата-аналардың құқыққа жат және әдепсіз өмір салты, маскүнемдік жатады.

2. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылықтарының құрылымында көбінесе мүліктік сипатындағы қылмыстар басым болып келеді.

3. Кәмелетке толмағандар контингентінің көбі мектеп немесе арнаулы орта, жоғары оқу орындарының білім алушылары болып келеді.

Нәтижесінде келесідей ұсыныстар жасалды:

- заң жүзінде кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу кезінде қоғамның, отбасының және мемлекеттің ерекше мән беру, бұл салада артықшылық тудыру;

- қиын тағдырға тап болған балаларға мемлекеттік және қоғамдық институттар арқылы дер кезінде көмек көрсету;

- олардың тұлға болып қалыптасуына, өмірге қайта бейімдеу үшін тиісті жағдай тудыру;

- кәмелетке толмағандардың қылмыстары профилактикасының тиімділігін арттыру мен алдын алу субъектілерінің жұмыстарын жақсарту;
- кәмелетке толмағандар қылмыстылығын алдын алу тетіктерін жетілдіру мақсатында Ішкі істер министрлігі мен Білім және ғылым министрлігі бірлесіп, оқу орындарының жүйесінде кәмелетке толмағандар және жастар арасында криминологиялық сақтандырумен айналысатын мамандар даярлайтын арнайы курстар ашып, әдістемелік ұсынымдар дайындау;
- құқық бұзушыларды мен оларға ықпал ететін көздерді айқындау;
- бұрын сотты болған, бас бостандығын айыру орындарынан босап шыққан балаалрға қамқоршы институттар, қайырымдылық ұйымдар арқылы тікелей ықпал ету және әлеуметтік көмек көрсету.

Қорытындылай келе, ата-ананың бақылауы болмай, тағдыр талқысына түскен балалардан неше түрлі жағымсыз әдеттер мен дағдылар күтуге болады. Әрекетсіздіктің салдарынан, балалар теріс жолға түсіп кету қауіпі және балалардың денсаулығына едәуір кедергісін келтіретіні сөзсіз.

Осылайша, қиын тағдырдағы балалардың құқық бұзушылығына әсер ететін себептер көп қырлы және өзара тығыз байланысты. Оларды шешу үшін мемлекеттік, қоғамдық және халықаралық ұйымдардың бірлескен, жүйелі және ғылыми негізделген шаралар кешені қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Забрянский Г.И. Снижение уровня судимости несовершеннолетних: новые подходы.—М.— 2019.— 416 с.
- 2 Кәмелетке толмағандарды әлеуметтік тұрғыда бейімдеу маңызды. [Электрондық ресурс] — URL: <https://www.kazgazeta.kz/news/143149> (қаралу уақыты: 03.06.2024)
- 3 Панкратов В.В., Цымбал Е.И. Государственная политика предупреждения преступности несовершеннолетних: общие принципы и региональная специфика // Сборник НИИ проблем укрепления законности и правопорядка при Генеральной прокуратуре РФ. - М.—2019. С. 201-208.
- 4 Демидова-Петрова Е. В. Предупреждение преступности несовершеннолетних: мониторинг региональной практики // Вестник Восточно-Сибирского института Министерства внутренних дел России. 2017. № 4 (83). С. 64-72.
- 5 Воронин Ю. А. Программы контроля над преступностью в США: поиск альтернатив и зигзаги развития // Вестник Южно-Уральского государственного университета. Серия: Право. 2020. Т. 20. № 3. С. 21-27.
- 6 Қазақстан суицид көрсеткіші бойынша әлемде алдыңғы орындардың бірінде тұр. [Электрондық ресурс] — URL: https://www.azattyq.org/a/Kazakhstan_suicide_children/1819157.html. (қаралу уақыты: 28.06.2024)
- 7 Құлжақаева Р.Б. Кәмелетке толмағандар қылмыстылығы және оның алдын алу: оқу құралы / Роза Балбатырқызы Құлжақаева, Мирлан Ахмедяұлы Қызылов, Совет Қапашұлы Алтайбаев; ҚР ішкі істер м-гі, Б.Бейсенов атын. Қарағанды акад. - Қарағанды: ҚР ПМ Б. Бейсенов атын. Қарағанды акад., 2014. – 86 б.
- 8 Parental incarceration and offspring criminality: A Finnish total population study with sibling comparison/Piona Nissinen, Antti Latvala – (Journal of Criminal Justice), 2024. –13 б. Available at: — URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S00> (accessed: 21.04.2025)
- 9 Тағдыры қиын балалар. [Электрондық ресурс] — URL: <https://egemen.kz/article/356510-taghdryry-qiyn-balalar> (қаралу уақыты: 08.05.2024).
- 10 Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы / А.Н.Ағыбаев. 2-бас. - Алматы: Қазақ университеті, 2018. — 282 б.
- 11 Павлов В.Г. Субъект преступления. СПб.: Издательство «Юридический центрПресс», 2001. — 325 с.

ПРОБЛЕМЫ ПРАВОНАРУШЕНИЙ СРЕДИ ДЕТЕЙ С ТРУДНОЙ СУДЬБОЙ

Аннотация

Дети со сложной судьбой, такие как сироты, дети с особенностями развития или дети из детских домов, часто сталкиваются с проблемами правонарушений. Это затрудняет их адаптацию и интеграцию в общество. Также изучение факторов, влияющих на явление, выявляет индивидуальные и социальные причины. Отсутствие поддержки семьи, неблагоприятная социальная среда и нехватка ресурсов и программ для детей с трудной судьбой являются основными факторами, способствующими правонарушениям этой категории детей. Эффективные меры, направленные на профилактику правонарушений среди детей со сложной судьбой, включают социальную поддержку, доступ к качественным образовательным программам, содействию обеспечению жильем и трудоустройству для их родителей или опекунов. Специализированные программы реабилитации и социальной

адаптации помогают детям преодолевать трудности и занимать стабильное положение в обществе. Подчеркивая важность понимания и решения проблем правонарушений у детей со сложной судьбой, статья подчеркивает необходимость совместных усилий всех участников общества и государства по созданию условий, способствующих успешной адаптации и благополучию детей этой уязвимой категории. Цель статьи — выявить ключевые индивидуальные и социальные факторы, способствующие совершению правонарушений детьми со сложной судьбой (сиротами, детьми с ООП), и на основе анализа зарубежного и отечественного опыта обосновать систему комплексных мер социальной реабилитации и профилактики для их успешной интеграции в общество.

Ключевые слова: сложная судьба, правонарушения, неудобства, социальная адаптация, насилие, безопасность.

PROBLEMS OF JUVENILE DELINQUENCY AMONG CHILDREN IN DIFFICULT LIFE CIRCUMSTANCES

Annotation

Children with complex destinies, such as orphans, children with developmental features, or children from orphanages, often face problems of delinquency. This makes it difficult for them to adapt and integrate into society. Also, the study of factors affecting the phenomenon reveals individual and social causes. The lack of family support, the unfavorable social environment, and the lack of resources and programs for children with a brutal fate are the main factors contributing to the delinquency of this category of children. Effective measures aimed at preventing delinquencies among children with difficult destinies include social support, access to quality educational programs, assistance in providing housing and employment for their parents or guardians. Specialized rehabilitation and social adaptation programs help children overcome difficulties and gain a stable position in society. Emphasizing the importance of understanding and addressing the problems of delinquency among children with complex destinies, this annotation draws attention to the need for joint efforts by all participants in society and the state to create conditions that support the successful adaptation and well-being of children in this vulnerable category. The purpose of the article is to identify key individual and social factors contributing to delinquency among children with difficult backgrounds (orphans, children with special needs) and, based on an analysis of rehabilitation practices, to substantiate a system of comprehensive social support and prevention measures for their successful integration into society.

Keywords: complex fate, offense, inconvenience, social adaptation, violence, security.

REFERENCES

- 1 Zabryanskij G.I. Snizhenie urovnya sudimosti nesovershennoletnih: novye podhody [*Reduction of the level of poverty of the uninhabited: new crops*]. M. 2019. 416 p. [in Russian]
- 2 Kāmeletke tolmağandardy āleumettik tūrğyda beimdeu mañyzdy [*Social adaptation of minors is important*]. Available at: - URL: <https://kazgazeta.kz/news/143149> [in Kazakh] (accessed: 03.06.2024)
- 3 Pankratov V.V., Cymbal E.I. Gosudarstvennaya politika preduprezhdeniya prestupnosti nesovershennoletnih: obshchie principy i regional'naya specifika [*The state policy of presumption of non-compliance: general principles and regional specifications*] // Sbornik NII the problem of strengthening the law and law of the general prosecutor's office of the Russian Federation. M. 2019. P.201-208 [in Russian]
- 4 Demidova-Petrova E.V. Preduprezhdenie prestupnosti nesovershennoletnih: monitoring regional'noj praktiki [*Presupposition of the prestige of the unrecognized: monitoring of regional practice*] // Vestnik Vostochno-Sibirskogo instituta Ministerstva vnutrennih del Rossii. 2017. № 4 (83). P.64-72. [in Russian]
- 5 Voronin, YU. A. Programmy kontrolya nad prestupnost'yu v SSHA: poisk al'ternativ i zigzagi razvitiya [*The program of control over the future in the USA: alternative and zigzag development*] // Vestnik YUzhno-Ural'skogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya:Pravo. 2020. Vol. 20. No. 3. P. 21-27. [in Russian]
- 6 Qazaqstan suisid kōrsetkisi boiynsha ālemde aldyñgy oryndardyñ birinde tūr. [*Kazakhstan occupies one of the leading positions in the world in terms of suicide rates*]. Available at: - URL: <https://www.azattyq.org/a/Kazakhstan> [in Kazakh] (accessed: 28.06.2024)
- 7 Qūljaqeva R.B. Kāmeletke tolmağandar qylmystylyğy jāne onyñ aldyn alu: oqu qūraly [*Juvenile delinquency and its prevention*] / Roza Balbatyrqyzy Qūljaqeva, Mirlan Ahmedāuly Qyzylov, Sovet Qapaşuly Altaibaev; QR işki ister m-gi, B.Beisenov atyn. Qarağandy akad. - Qarağandy: QR IIM B. Beisenov atyn. Qarağandy akad., 2014. – 86 p. [in Kazakh]
- 8 Parental incarceration and offspring criminality: A Finnish total population study with sibling comparison/Iiona Nissinen, Antti Latvala – (Journal of Criminal Justice), 2024. –13p. Available at: - URL: <https://www.sciencedirect.com/science/article> [in English] (accessed: 21.04.2025).
- 9 Tağdyry qiyn balalar [*Children with difficult fate*] Available at: - URL: <https://egemen.kz/article/356510-tağdyry-qiyn-balalar> [in Kazakh] (accessed: 08.05.2024)
- 10 Ağybaev A.N. Qylmyctyq qūyq. Jalpy bölim: oqu qūpaly [*Criminal Law. General part: manual*] / 2-head. Almaty: Kazakh University, 2018. 282 p. [in Kazakh]

11 Pavlov V.G. Cub"ekt ppectupleniya [*Prestupleniaof the subject*]. SPb.: Izdatel'ctvo «YUpidicheckij centpPpess». 2001. 325 p. [in Russian]

Information about the authors:

Venera Nauryzova - **corresponding author**, Master of Law, Senior Lecturer of the Department of Civil Law, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: v.nauryzova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5990-7032>

Sanzhan Nysanova - Candidate of history sciences, Senior Lecturer of the Department of Civil Law, Kh. Dosmukhamedov Atyrau University, Atyrau, Republic of Kazakhstan

E-mail: s.nysanova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8331-626X>

Сведения об авторах:

Венера Наурызова - **основной автор**, магистр юридических наук, старший преподаватель кафедры Гражданско провавых дициплин, Атырауского университета им. Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: v.nauryzova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5990-7032>

Санжан Нысанова - кандидат исторических наук, старший преподаватель кафедры Гражданско провавых дициплин, Атырауского университета им. Х. Досмухамедова, г. Атырау, Республика Казахстан.

E-mail: s.nysanova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8331-626X>

Авторлар туралы мәліметтер:

Венера Наурызова – **негізгі автор**, заң ғылымдарының магистрі, Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университетінің оқытушысы. Атырау қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: v.nauryzova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-5990-7032>

Санжан Нысанова – тарих ғылымының кандидаты, Азаматтық құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, Х.Досмухамедов атындағы Атырау университетінің оқытушысы. Атырау қ., Қазақстан Республикасы.

E-mail: s.nysanova@asu.edu.kz

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-8331-626X>